Есмағамбет ЫСМАЙЫЛОВ

ҚАЗЫНА

1939 жылы февральда Совет Одағындағы ақын жазушылардың қатарында Жамбыл «Құрмет белгісі» орденімен наградталды. Осы жылы июньде Қазақстан жазушыларының II съезі болып өтті. Жамбыл съезге бастан-аяқ катынасып, келген ақындардың сөзін, өлеңін тыңдап, өзінің бағасын, сынын айтып отырды. Ақын Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі болып сайланды.

Осы жылы Жамбыл Жетісудағы өзінің бірнеше шәкірт ақындарын шақырып үйіне жинады. Оның ішінде әрі асқақ үнді әнші, әрі ақын Кенен, қарт жыршы Өмірзақ, ақпа жүйрік, шешен Үмбетәлі, тапқыр, әр сөзін салмақтап айтатын Саяділ, шапшаң жазғыш Әбдіғали және Жартыбай, Досайбаев Хасен, Оспантай тағы басқалары бар еді. Бұлардан басқа сол кезде Алматы төңірегіндегі колхозда тұратын, атақты ақын Иса бар. Өзінің хатшыларынан Тайыр мен Қалмақан болды. Оған бірқатар жазушылар, сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағының бастығы ақын Дихан Әбілев те қатынасты. Жамбыл бұлардың бәріне дастарханынан дәм таткызып отырып, домбырасын қолына алып бірталай өлең-жыр айтты. Ол айтқандарының ішінде Қазақстанның шаруашылық байлығын, салтанатты өмірін елестеткен «Халық қазынасы» сияқты толғаулары, жас кезінде айтқан шағын әзіл өлеңдері, Құлмамбет, Шашубаймен айтыстары да бар еді. Ақын өзіне келіп отырған ақындардан Иса мен Саяділдің өлеңдерін тыңдағанда: «Міне, көрдіндер ме, оқығанның аты оқыған ғой, бәрімізден асып түсіп жатқан жоқ па?» - деп бір көтеріп тастайды.

Иса өзінің сол кезде айта бастаған «Кавказ» поэмасын жырлағанда Жамбыл: «Қавказды көрдің бе? Ол мынау Алатауға ұқсамайды ғой. Сен де Алатауға ұқсап кеткен жерің жоқ па?» - деп еді, шапшаң Иса: «Алатауға ұқсаған жоқ, Алтайға ұксап кетсе ұқсар. Алтайды аралап көп жырлағандығымнан ба калай». Екеуі бірауыздан макұл көрді. СССР Ғылым академиясының қазақ филиалы мен Қазақстан Жазушылар одағының ұсынысы, инициативасы бойынша 1939 жылы 10 ноябрьге халық ақындарының республикалық слеті шакырылды.

Слетке Қазақстанның әр түкпірінен 50-ге тарта атақты ақындар жииалды. Слеттегі халық ақындарының творчестволық міндеті тақырыбына арналған (С. Мұканов пен Е. Ысмайыловтардың) баяндамалары тыңдалғаннан кейін, айтыс басталар алдында Жамбыл ақындарға Үндеу өлеңін жырлады. Бұл үндеуінде Жамбыл Қазақстанның

түкпір-түкпірінен жиналып келген ақындарды атай отырып, заманының шындығын ең күшті ақындықпен жырлауға шақырды.

Слет 3 күнге созылып, оның екі күнінде ақындар өзінің жаңа дастан, толғау жырларын айтып сынға салды, үшінші күні Қазақстан мемлекеттік драма театрының сахнасында Қызылордадан келген Нартай мен Семейден келген Нұрлыбек екеуі ұзақ айтысып, әр ақын өз елінің, өз облысының байлығын айтып мақтай келіп, өз облыстары алған міндеттерін қаншалық орындағындықтарын жырлады.

Осы слет үстінде драма театр сахнасындағы бірнеше ақындардың ресми арнаулы айтыстарынан басқа Жазушылар одағында, Ғылым академиясының қазақ филиалында әр ақын өзара айтысып, өнер жарыстырып, сол айтыстардың көбіне Жамбыл өзі қатынасып отырды.

Бір күні бір топ ақындар өзара бас қосып, өлеңмен бірін-бірі қағытып, кеңесіп отырғанда, ақындардың бірі: «Сіз Құлмамбетпен, Сарыбаспен, Шашубаймен айтыстарыңызды өзіңіз айтсаңыз екен, біз басқалардың айтуынан естіп жүрміз», - деп еді, Жамбыл: «Олар кашанғы ескі жыр, көбі ұмытылған да ғой, алайда есімде қалғандарынан бірер ауыз айтайын», - деп, әр айтыстың ең қызықты түйінді жерлерінен үзіп-үзіп желдіртіп айтты. Үмбетәлі отырып: «Осы айтыстарыныздың бірталайы толығымен академияда жазулы тұр», - деп еді. Жамбыл: «О, олар қайдан алыпты, ендеше оқытып тыңдайыкшы олардан», - деп қасындағы ақындарын ертіп Жамбыл СССР Ғылым академиясының қазақ филиалына келді.

Ақындар жайлап отырғасын, Жамбылдың айтыстарын архивтерден алып оқи бастадық. Бізде Құлмамбет пен Жамбыл айтысының екі варианты бар еді, біреуі 1932 жылы Сәкеннің «Қазақ әдебиеті нұсқалары» жинағында басылғаны, екіншісі 1938 жылы Кененнен жазылып алынғаны еді. Екеуін де окып беріп едік, Жамбыл аса ыкыластанып тыңдап отырды да: «Көп жері бүлінген екен, Медеу байды мақтаған жоқ едім, бұл сөз менікі болып кіріп кетіпті. Енді, шырақтарым, осы айтысты Үмбетәлі екеумізден жайланып отырып қайта жазып алыңыздар», - деді.

Онан кейін Шашубаймен екеуінің айтысын оқып бердік. Оны Өмірзақ пен Шашубайдың өзінен жазып алғамыз, оқып отырғанда қасындағы Шашубайға қарап қойып, өз сөзінен де, Шашубайдың көтеріліп, шелденіп сөйлеген мінезін де бір түрлі қызық көріп, сүйсінгендей рақаттанып, қатты күліп отырып тыңдады. Айтыстың аяғында қолжазбада «Жамбыл жеңіпті» деп жазылған екен, ол да байқамай оқылып кетті. Шашубай айтысты оқып отырғанда Жамбылдың рахаттанып күліп тыңдағанын өзінше ауыр көргендей салқын отыр еді, енді «Жамбыл жеңді» дегенді естігенде шыдай алмады білем, мұрты тікірейіп, көзі ежірейіп орнынан бір қозғала берді де, гармоның жұлып алып толқытып күйлеп, өлеңді бастап айта жөнелді.

Жамбыл да, басқа ақындар да кілт тынып тындай қалды. Шашубай Жамбылдың жолы үлкен аға екенін, даңғыл жүйрік екенін айта келіп, Байбұланың үйіндс өзінің жеңілмегенін, Жетісу елі көптігін істеп есе

бермей кеткенін айтып, Жамбылға тие қағыта сөйледі. Шашубайдың сөзін аяқтатпай домбырасымен айқайлап бір жағынан Үмбетәлі өленді төпеп коя.берді.

— Рас, сен Жетісуға келген қадірлі қонақ едін, сені ол кезде бүкіл еліміз төбесіне тік көтеріп сыйлады, бірақ сен Жамбылдың ширегіне келмейтін ақын едің. Сонда арақ ішіп мас болып айтысқандықтан жеңіліп калғасың, топтан озған жүйрік болсаң, жасың Жәкеңнен кіші, осы заманда, осы күнге дейін топқа түсіп көрінбей, Балкаштың камысында жасырынғандай, кайда жүрдің, - деп баспалатты. Үмбетәлінің соңынан іле шала Жартыбай да Шашубайға төне қарап: «Ай, мен сенің төбеңде құйындай ойнаймын», - деп келе жатыр еді, манадан бері күліп, ажарланып тыңдап отырған Жамбыл, Жартыбайға келгенде кабағын шытып, оны койғызды да, өзі екі ауыз өленмен тоқтау айтты. «Арканың ақындары бәрі сері, ерке, асқақ келеді. Кешегі Біржан, өзіміз көрген Шолақ, мынау отырған Шашым, Иса - бәрі де ақындык, әншілік өнері бірдей сай келген ерке ақындар ғой. Сол айтысымызда сенің гармоньға косылған әнің басым жатты да, менің домбыраға косылған сөзім салмакты жатты ма деп ойлаймын. Бірақ «Мен жеңдім» деп өзімізді мақтамайық, оны ішінде болған ара кісілер айта жатар. Ал бүгінгі Шашым інім мен Үмбет інім екеуіндікі де менің алдымдағы еркеліктерің ғой. Сендердін еркеліктерінді мен көтеріп алдым», - деп қысқа айтысты тоқтатты.

Осыдан кейін Жамбыл қалаға келгенде немесе өзіне арнай бізден адам шақыртып алып, өзінің барлық айтыстарын, бұрыннан білетін жырларын жаздырта бастады. Тағы бір келгендерінде Жанақ, Түбек, Орынбай, Шөже, Құлмамбет, Майкөт, Тезек сөздерін өзі айтып отырып, одан басқа қандай сөздері, өленděрі барын бізден сұрап, бір қатарын окытып тындады. Орынбай мен Шөжені ерекше атап: «Айтыста бұл екеуінен асқан ақын жоқ еді», - деп, Шөжемен жігіт кезінде бірталай жолдас болып, қырғыз елін аралағанын, қырғыз Бәйтік батырға барғанда Шөженің айтқандарын жырлап берді. Сүйтіп Жамбылмен жақын араласуымыз арқылы 1939-1940 жылдары Тайыр, Қалмақан, Ғали, Қалижан бәріміз айтқызып, тындап Жамбылдың Құлмамбетпен, Сарбаспен, Досмағамбетпен айтыстарын толық түрде жазып алдық. Жамбылдың өзі ұмытқан жерлері болса оның шәкірт ақындары Кенен, Саяділ, Үмбетәлі, Өмірзактардан сұрап, Солардың айтуымен толықтырып, Жамбылдың өзіне оқып шығып, қаратып алып отырдык. Мұнын бәрі де Жамбылдың бұл кездегі аса бір күрделі творчестволык еңбектері еді.

1938 жылы Жамбылдың ақындығының 75 жылдык мерекесін өткізген мезгілде ақынның революцияға дейінгі жырланған желілі дастан, көлемді айтыстары жалпы аталғаны болмаса, дәл текстi қағазға түсірілмегендіктен арғы дәуірдегі творчестволык жолы кандай екендігіне толық жауап берілмей қалған еді. Әсіресе Жамбылдың ірі айтыс ақыны екендігін, ол айтыстардың идеялық мәнін ашу аса кажет еді. Міне, осы келелі

мәселелердің шешілуіне жоғарғы жазып алынған көлемді шығармалар бірталай жауап беретіндігі даусыз еді. Сондықтан Ғылым академиясы Жамбылдың академиялық толық шығармалар жинағын бастырып шығаруға кірісті. Әуелі 1939 жылы Жамбылдың «Сұраншы батыр» поэмасы мен бірталай тандамалы поэмаларын бастырып шығарды. Келер жылы Жамбылдың толық шығармаларынын I томын бастырып шығарды, оған жоғарыда аталған айтыстар мен «Сураншы батырдын» толық нұсқасы, 1916 жылы айтқан «Зілді бұйрық» өлеңі мен 1927 жылы жырлаған «Замана ағымы» атты дастаны тағы басқалар басылып шықты. Және «Сураншы батыр» поэмасы мен өлеңдер жинағы орыс тілінде П. Кузнецовтың аудармасымен басылып шықты.

1939 жылы да ақын үлкен творчестволық қызметтен тоқтамады. Ол күн сайын дүниеде болып жатқан жаналықтарды көруге, білуге, сезінуге құмар еді. Жәкең сол біліп, сезгені туралы өзінің ой-пікірін тез айтуға тырысатын.

Батыста империалистік қырғын соғыс жүріп жатқан кез, Финляндия уақиғасы болып өтті. Міне, осы жағдайда ақын Отан корғау тақырыбына айрықша көніл бөледі. Қызыл Армия күнінде «Болат тонды батыр» деген толғауын жырлап айтты. Сол жылы ақын Қазақстанның 20 жылдық мерекесімен байланысты қазақ халқының бақытты өмірін кең суреттеген «Әлемде бір жұлдыз бар» атты толғауын жырлап аяқтады. Ақын еңбек, халықтар достығы тақырыптарына және туған жеріндегі колхоз тұрмысына, өзінің ақындық өміріне арналған өлең-жырлар, шағын тақпақтар жырлайды. Сөйтіп, 1940 жылы Жамбыл 20-дан аса өлең жыр айтып таратады. Мұның ішінде «Өмірдің тууы» атты әнгімесі ақынның творчестволық өмірінің кейбір кезеңін суреттейді.

Бұл жылдары Жамбыл ара-тұра сырқаттанып қалып, әрі кәрілік ақынды еріксіз меңдетіп тастап отырды, ол көңілінің өсіп жасарғанын еске түсіріп, қаншама қайратқа мінсе де, кеудесін кернеген кәрі жөтел қысып, кейде тынысын ұзақ тарылтып, жөнді ас та іше алмай, сөйлей де алмай қалып жүреді. Сондықтан сол жылдары Жамбыл өзін қараушы дәрігер Барлыбаевқа «жүрегімді тынысымды» кеңіте түсерлік, тұла бойымның құрысын жазарлық не емің бар?» - деп, бір ауыз өлеңін айтады.

Өзінің замандастары — Тәжібай, Маңғұтты, Өмірзақтармен кездескенде:

Сөйлесем сары түнге шалдықпайтын,
Қақырап қайран даусым қалды менің, -

деп, өзінің кәрілігін, даусы басылып, сөніп бара жатқанын мойындайды. Жамбылдың құлағы да тосаңсып, айқайлап айтпаса естімейтін болады. Сондықтан осы кезде айтқан бір өлеңінде:

Құлағым қаңылтырмен қаптағандай,
Ел сөзін естімейді қаңғыр-күңгір, -

дейді.

Алайда Жамбыл кәрілікке мойынсұнғысы келмейді, өзінің дәрігерін әр мезгіл шақырып кеңесіп немесе Алматыға келіп, Совнаркомның ауруханасына жатып, ең білгіш қарт профессорларға көрініп емделіп жүргенде, бәріне де: «Осы бүкіл дүниенін тілін тылсымдай білген ғылым, кәрілікті жеңетін бір амал таппағаны ма?» - деген бір сұрауды айрықша сұқтанып қояды. Бәрінен де өзіне пайдалы, көңілін толтырарлық жауап ала алмаған соң: «Өлім хақ екен ғой, жазмыштан адам құтылуға болмайды екен», - деп, тағдырга сенгіш ойына бекінгендей болады. Алматыдағы Қаскелен, Ұзынағаштағы бұрыннан жақын дос-жар кәрі шалдарының үйіне жұма сайын барып ұзақ уақыт сырласатын еді, жетім-жесір, мүгедек адамдарға жәрдем көрсететін еді.

Жамбыл Москваға барсам біраз көңлім сергір ме еді, қайтер еді, Москва менің қағбам ғой деген оймен бір күні Ғали мен Тайырды шақырып кеңесіп еді, олар: «Сізді Маяковскийдің қайтыс болған күніне арналған СССР Жазушылар одағының пленумына шакырған хат келгелі бірталай болды, бірақ ауырлап калар деп көңіліңізді бөлмеп едік, барғыныз келсе, құба-құп», - дейді Ғали. Жамбыл қайта сергіп көтерілгендей, тез дайындалып, бір топ ақынмен өзінің сүйікті Москвасына сапар шекті.

...1941-1942 жылдары Отанымыздың бостандығына қауіп төніп, Ленинград қоршауда, оқ астына алынып, қаласы қиратылып жатқанда, Москваға шапкыншы жау таяп келгенде, Сталинград түбінде қанды қырғын майдан болып жатқан мезгілдерде Жамбыл бір де бір күн дамыл алмай, біресе Алматыға келіп үкімет басшыларымен, басты ақын, жазушылармен кеңесіп, біресе өз аулында колхозшылар арасында болып, біресе газет редакцияларында, радиоға өзі барып, жана толғау жырларын беріп қайткен күнде де зұлым жауды талқандауға болысатын творчестволық еңбегін сінірумен болды. Соғыс кезінде Жамбылды мен де жиі көріп өлең-жыр, әңгіме айткан мезгілдерін талай тыңдадым. Бірер қабат Сәбитпен бірге, кейде Ғалимен, кейде Тайырмен бірге, енді бірде Әбділда, Қалижан бәріміз Жамбыл отырган мәжілістің әңгімесін тындап, ақынның өмірі, импровизациямен айтудағы творчестволық процесс туралы материал жинап жазып алып жүрдім.

1942 жылдың майында ақынның інісі Сатыштың үйінде жарты айдай жатып Жамбылды күн сайын көріп, сөйлесіп жүрдім. Соғыстың жайын, соңғы жаналықты кадағалап көп сұрайды, барлығын қадағалап, жадына тоқып, ол да өзінің кезекті айтпақ болған толғау жырларына материал жинағандай. Бірақ білгеннің бәрі толғаныс тудыра бермейтін сияқты. Тайыр Жароковтың жазуында қоршаудағы Ленинградтың тарихы, сұлулығы, ерлігі туралы ұзақ әңгімелердің арасында өз баласы Алгадайды еске түсіріп,

Ленинградтағылар сол Алғадайдай балалары екенін кеңінен түсінгенде, Жамбылдың ақындық толғанысы басталып кеткендігі қызық әңгімеленеді. Ақын соғыс дәуірінің ерлігімен қатар, бізбен халықтар тарихындағы ерлік, ақындық дүние туралы да әңгімелерді көп айтады. Қырғыздың «Манас» жырындағы, Көрұғлыдағы соғыстарды бір жүйелеп өлең-жыр араластыра әнгімелейді, осы замандағы аспан, су асты соғыстарының жайын айтқанында ол осыған салыстыру ретінде «Сейфілмәлік» дастанындағы самұрық мінген Хасеннің, перілердің соғысын, «Құламергендегі» су асты дүниесін таратып кетеді. Бүгінгі соғыс дүниесі де, ертедегі қиял дүниесі де ақындық өмірінен бірдей орын алған, оған бәрі де қызықты сияқты. Бәрін де жырлағысы келеді. Ақындық творчествосындағы дүние қиял, елес түрінде қалмайды, барлығы да патриотизм тұрғысынан жырланған жаңа поэзиялық туындылар еді. Ол қажырлы еңбектері, Совет Армиясының зеңбірек, пулеметтерінің жауға қарсы атылған оғындай, елінің отаншылдық, елдік намысын қыздыра жырлаған өзінің жалынды, өткір сезімді өлең, жырлары еді. Жамбылдың «Ленинградтық өренім», «Москваға», «Аттан, батыр ұрпағым», «Совет гвардеецтеріне», «Майданға хат», «Отан әмірі», «Алынбас қамал», «Балама хат», «Воронеж батырларына» сияқты толғау жырлары Ұлы Отан соғысы дәуірінің сұрапыл бейнесі мен совет халқының зұлым жауға қарсы теңдесі жоқ кажыр-қайрат, алып ерлікпен Отанды қорғаған батырлық тұлғаларын кең, толық сипаттаған, терең идеялы патриоттық поэзия еді...

Соғыс кезінде Жамбыл Алматыға жиі келіп, үлкен мәжілістерге қатынасып отырды, өзінің ауылында да жиі мәжіліс, бас қосулар өткізіп, ғылымның, өнердің, әдебиеттің талай белгілі адамдарымен кездесіп кеңесті. Академиктер Комаров, Бардин, Сәтбаевтармен, Уланова, Завадский, Александровская тағы басқа өнердің көрнекті қайраткерлерімен, Алексей Толстой, С. Маршак сияқты жазушылармен кездесіп, кеңесетін еді. Отан соғысы майданынан келген Совет Одағының даңқты батырларымен кездесіп, оларды арнайы үйіне шақырып, қонақ қылып, құрметтеп кеңесетін еді.

Жамбылдың ең жақын сырласы, достарының бірі қарт халық ақындары еді. Хат арқылы, қатынаған адамдар арқылы сәлем айтып, әр облыстағы ақындардың, хал-жайын біліп, не айтып, не жырлап жатқанын, тұрмыс хал-жайының қалай екенін, біліп отыратын еді. Олардың Алматыға келгені болса үйіне қонаққа шақырып немесе өзі барып кездесіп, өздерінің көңіліндегі достық, жақындық сырларын айтысып, ұмытылмай сақталған қызықты, мағыналы жырларды еске түсіріп айтып отырушы еді.

1942 жылы бір жағынан сырқаттанып, екінші жағынан өзінің бірқатар көлемді жырларын жаздыру максатымен Алматыға Нұрпейіс Байғанин келді. Нұрпейіс Жамбылдан 14 жас кіші; ол Жамбылды ақын ағам десе, Жамбыл батыр інім дейтін. Шынында Нұрпейістің өзі кесек денелі, тұлғалы, келбетті адам болатың, жас күнінде ақындығымен қатар балуан

болыпты. Оның үстіне Нұрпейіс батырлар жырын көп біледі. Көп жырлайды. Осы жайларының бәрін білетін Жамбыл еркелетіп, оны «Батыр інім» деп кетті.

Екі ақын Алматыда, одан кейін Жамбылдың үйінде әр мезгіл бірге болып, ұзақ уақыттар отырып кеңесіп, ішкі сырларын ақтарғандай өздерінің жастық кезіндегі бастарынан кешкен кейбір қызық әңгімелерін де көңіл жадырата айтысатын. Мұндай өзара араласқандарында қасында өзі құрбылас қариялармен отыруды ұнатушы еді. Осындай кеңесулерден кейін Жамбыл жеңіл-желпі сырқатынан айығып, бір жасарып кеткендей болушы еді. Мұндай кездесулердің бірінде біздің қатысуымызбен Нұрпейіс Қобыланды, Құбығұл, Нарғыз туралы дастандардан жырлады. Жамбыл бұл жырларды қызыға тыңдады, әсіресе батырлар жырының желісі деген толғауын қатты ұнатты. «Шабысыңнан бір таймаған кәрі тарланым-ай, ұзаққа шабатын жүйрігімсің ғой. Сен де кара жердің құшағына кетесің-ау», - деп, бір жағынан сүйсіне, екінші жағынан кәрілігі жеңіп келе жатқан қарт жолдасын өлімге қимағандай өкініш айтады. Осы кезде Жамбыл Жазушылар одағы мен Ғылым академиясы тарапынан Нұрпейістің барлық жырын түгел жазып алу жұмысымызды қатты қолдады. Нұрпейістің бірталай жырын жазып алуға ақын Мәриям Хакімжанова, Куандық Шаңғытбаев қатынасты.

Жамбыл Қазақстандағы даңқты ақын-жыраулардың көбімен жақын араласып, бұл күнге дейін білмеген өлең-жырларды, елдер тарихының әңгімелерін естіп тыңдауға құмар еді. Әсіресе өзі тіршілігінде аралап бармаған ен алыс түкпірден келген ақын, жыршыларды өзіне көбірек шақыратын. Тарихи жырлардың жүйрігі Казанғап ақынды (Қаратау бойынан), Көкшетаудың сал-сері ақындарының өмірі мен жырын айтатын Молдахметті, Амангелді сарбазында болған Омар мен Сәтті, Абайды көрген Төлеуді, Гурьев ақыны Сатығұлды, Сыр бойының даңқты әнші ақыны Нартайды, Ақмола, Қарағандының ақындары Доскей, Қайыпты - бәрін де үйіне шақырып тыңдайтын, өзіне де, бізге де ақындық дүниенің жаңа сырларын ашып бергендей болатын.

Соғыс кезінде Жамбылдың айрықша ықыласпен қарсы алған адамының бірі - Мұрын жырау. Қазақтың батырлар жырын керемет дамытып жырлаған ұлы жырау Мұрынды біз 1939 жылы анықтап білсек те, сөзін жазып алуды ұйымдастыру жұмысын 1942 жылы жүргіздік. Мұрынды Маңғыстау түбегінен СССР Ғылым академиясының филиалы Алматыға шақырып келтіріп, ол жырлайтын «Қырық батыр» жырын жазып ала бастадық. Мұрынның жыр айтуы, ақын, жазушы, ғалымдарды қаиран қалдырды. Осыны естіген Жамбыл да Мұрынды іздеп келіп жолығып, бірнеше күндей Мұрынның ұшы-қиыры жоқ таусылмайтын батырлар жырын тыңдады. Мұрын дауысы зор, айғайлап домбыраға қосылып жырлайтын жүйрік жыршы еді. Жамбыл сау сол құлағын тосып, құлай тыңдап: «Теңіз жағасында өссең, жырың да Қаспийдің теңізіндей

таусылмайтын мол екен», - деп, қатты сүйсінді. Мұрынның жырларын жазып алып жатқан біздерге мың мәртебе алғыс айтты.

Осындай жақын құрбыларымен үнемі кездесіп жүргенде бір күні Кенен мен Үмбетәлі келіп отырып, Жамбылға бір жаңалық хабарды айтып, сырласты: «Газет пен радиодан естідік, сол жақтан келген адамдар да айтып отыр. Қарағанды, Қызылорда облысындағы ақындар бір-бірімен қызу айтысып жатыр екен, айтыста әр ақын өзінің өндірісін, туған колхозын мақтап, қарсы ақынның өндірісіндегі кемшіліктерді сынға алады екен. Жәке, біз Жетісудың ақындары қалай қарап қаламыз. Айтыс ашқалы, сол туралы сіздің ақылыңызды алғалы келдік», - деді.

Жас шағында өзі араласқан ақындық майданның бұл жайын естігенде, Жамбыл қатты риза болған сезім білдіріп: «Бұл өте жақсы игілік қой, мен осы айтысты кейінгі ақындар тастап кетер ме деп қауіп ойлаушы ем, айтысыңдар. Айтысты барлық облыс ақындарын жинап Алматыда өткізген жөн болар», - деді. Аудан, облыстарда басталған ақындар айтысының саяси маңызын және Жамбыл мен Жазушылар одағының ұсыныстарын еске ала отырып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақстан Халық Комиссарлары Советі 1943 жылы күзге қарай Алматы қаласында ақындардың республикалық айтыстарын өткізу туралы нұсқау берді. Бұрын басталған ақындар айтысы облыстарда қыза түсті. Айтыс үстінде жаңа ақындар, жаңа таланттар жарыққа шықты. Әуелі бір облыс ішіндегі аудан мен аудан ақыны, бір өнеркәсіп пен екінші өнеркәсіп ақыны өзара айтысып, одан жеңіп, озған жүйріктері облыс атынан екінші облыс ақынымен айтысуға дайындалды.

1943 жылы декабрьде Алматыға 60-қа тарта халық ақындары жиналып келіп, Абай атындағы опера және балет театрында ақындардың республикалық айтысы басталды. Айтысқа ақындардан басқа облыстағы жазушылар, партия, совет ұйымдарынан көптеген адамдар келіп қатынасты. Осы айтыс күндері Жамбыл дамыл тапқан жоқ. Ат шабыс, дүбір десе бүйірі қызып, кермеде тұра алмайтын жүйрік тұлпардай, Жамбыл да кәрі тарлан жүйріктігіне бағып, сол айтысқа қатынасатын ақындардың ақындық майданын қуанып, қызығып қарсы алғандай, ерекше шаттанып кетті. Ақындардың айтысын Жамбыл өзі бастады.

Жамбыл домбырасын қолына алып күйлеп отырып, өзінің ақын дос інілерімен сырласқандай жырын толғай жөнелді:

Алатаудан, Арқадан
Ақындарым келіпсін.
Тілдеріңнен бал тамған
Жақындарым келіпсің.
Жүрген жері думан жыр,
Сендер - елге көріксің.
Шаршы топқа төгілген

Сөздеріңді сағындым,
Өздеріңді сағындым, -

дегенде, залдағы ақын достары қатты риза болып, «Жарықтық-ай, көкірегі кең даңғылым-ай», - деп айғайлап, кейбірі көзіне де жас алғандай болды. Жамбыл жырын кеңінен, тереңнен қайырып толғап, айтыска ақындар жиналғанда өзінің тыныш жата алмағанын, мұндай ұлы дүбір жарысқа астананың халқымен бірге қуанып, көтермеші болып келгенін айтып, ақынның асқан шеберін, өнерлісін жүйрік тұлпарға, қыран құсқа, қамалды бұзған батырға теңеп, елдің бұрыннан келе жатқан ақындық салтына тоқталды, кешегі Сүйімбай, Қатаған, Орынбай, Шөже, Кемпірбай, Мәйкөттер салған ақындық жол, дәстүр барын еске салды.

Біз солардың өнері,
Көк дауылдай боратып,
Сөз бастаңдар келелі, -

деп, ақындардың осы айтыстағы міндетін, нені мактан етіп жырлайтынын термелей сөйледі. Байлыққа, кенге завод-фабрикаға, еңбек дүниесіне ұлан-байтақ еліміз бар, сол елімізді жаудан корғап соғысып жатқан ерлеріміз, қол бастаған батырларымыз бар, елге лайықты еңбек майданының батырлары да бар, бүгін, міне, осыны жырлайтын күн:

Уа, Орынбай, Шашубай,
Сендер өзен басындай.
Ағытындар өлеңді,
Жазғы тұрғы тасқындай
Нартай, Кенен, Нұрлыбек,
Майасар, Қуат, Жақсыбай,
Өлең-жырды дүрілдет,
Жарқылдатып жасындай, -

деп, әр ақынды ақындық майданға қайрап салғандай, олардың міндеттерін атап айтып береді. Айтысқа келген ақындар Жамбылдың бұл ағалық ақылын толық еске алды, бәрі де соғыс уақытындағы еңбек ерлігін, майданда жауды қиратып женген батырлардың ерлігін ардақтап жырлады.

Айтыс бес күнге созылды. Қарағанды мен Семей, Солтүстік пен Қостанай, Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған облысы мен Алматы, Жамбыл облысынын ақындары айтысты. Дауысты күшейтіп беретін радионың қалқанын (громкоговорительді) құлағына жақын койғызып, әрбір айтысты қадағалап тыңдап, әр ақынның айтыстағы ақындық өнерін салмақтап, келтірген дәлелімен көркемдік сөз шеберлігін бірдей сынап, баға беріп отырды. Айтыс үстінде жоғарыда өзі атап өткен

жүйрік ақындардан басқа Қостанайдан Нұрқан Ахметбеков, Семейден келген Төлеу Қөбдіков, Солтүстіктен келген Молдахмет Тырбиев, Қарағандыдан келген Жолыкей Нұрмағамбетов сияқты жаңа ақындар танылып көзге түсіп, бәйгеге ілінді. Жиырмаға тарта ақынға бәйге берілді. Жамбыл, Шашубай, Орынбай сияқты ақындарға ат бастатқан бас бәйге берілді, бәйгенің арты бір-бір шапан болды.

Жамбыл айтыста озған бір топ ақынды аулына қонаққа шақырып, бас қосып, кең мәжілістесіп отырып, ақын достарымен кетерде қоштасқандай, бәрінің де көңілін толқытқандай бір сөз айтты: «Балаларым, бауырларым, сендердің айтыстарыңды естіп бір жасап қалдым. Кәрілік дегенің тақымдап, ажал дегенің күнде құлағымнан қақылдап, мазаны алады. Сендерді енді қайтып көре алам ба, көре алмаймын ба, құдай біледі. Бәрің де бақыл болыңдар, қалжыңмен артық-кем талай сөздерді айтқан шығармын, алдымен, Шашым бауырым, сенен кешірім сұраймын. Менің арманым жоқ. Дүниенің ең қызықты бақытына осы заманда барымша кенелдім. Ата-бабамыздан бері естіп білмеген қызық дәуренді, міне, бізге совет заманы көрсетіп, қайта жасартып, бұлбұлдай сайратты. Елім жауды талқандап жеңіп жатыр, біздің елге орнаған бақыт күні өмір бақи сөнбейді. Сөнбейтін бақыт күнін жырлаңдар. Менің айтар ақырғы сөзім де осы», - деп, Жамбыл әр ақынмен қоштасты.